

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» ММ
«№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**

БЕКІТІЛДІ
Ақтөбе қаласының білім бөлімінің
2023 жылғы « ____ » _____
№ _____ бұйрығымен



БАҒДАРЛАМА

«Домбыра»

Ақтөбе 2023 жыл.

«Домбыра үйрену мектебі» Л.Хамиди, Б.Ғизатов кітабын негізге ала отырып, «Домбыра» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі жоғары топ балаларына арналып жасалған.

Сағат саны: 72 Аптасына: 2 сағат

Құрастырған: №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының музыка жетекшісі: Дауева А.З

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Домбыра» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«29»08 2023ж

2023-2024 оқу жылы жоғарғы топтарда аптасына 2-сағат «Домбыра» бағдарламасы қолдануға шешім қабылданды.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша меңгерушісі



[Handwritten signature]

А.Ж.Уркимбаева

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Домбыра» бағдарламасы мақұлданды.


Хаттама № _____

«__» _____ 2023ж

Сараптау комиссиясының төрайымы



Қосымбаева М.О



**Ақтобе қаласындағы №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының
музыка жетекшісі – А.З.Дауева
«Домбыра үні» бағдарламасына**

Пікір

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүр халықтың рухани өмірінен туындап, ондағы бар жақсылықты бойына сіңірген бай да, мәдени мұра екендігін ескере отырып, баланың дүние танымын дамытуда өз ұлтының әдет ғұрыпын дәстүрлерін біле отырып, мекен етіп келе жатқан елінде береке-бірлік бар екенін біліп халқына құрметпен қарауды тәрбиелеу.

Балалардың ана тілін сыйлауға тіл үйренуге қызығушылығын арттырып, өз елінің мәдениетін, өнерін жетілдіреді. Осы бағдарлама арқылы тәрбиенушілердің патриоттық сезімдерін оятып, « Менің елім, халқым, туған жерім, Отаным» деген сөздерге ізетті болуды қалыптастырады.

Осы міндетті орындау мақсатында № 39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының музыка жетекшісі А.З.Дауева «Домбыра үні» бағдарламасын мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы топтарына арнап

кұрастырып

шығарды.

Сағат	саны-	72	аптасына	2	сағат
-------	-------	----	----------	---	-------

Бұл ұсынылып отырған бағдарлама қоғамның рухани мәдени және адамгершілік қарым-қатынасындағы ең қымбат қазына екендігі ескеріле отырып осы бағдарламаның басты мақсаты-адам тәрбиелеу.

Оқытудың негізі көркем шығармамен жұмыс жасау. Мұнда тәрбиеленуші өзінің кәсіби білімін толықтырып, тәжірбие жинақтайды.Ең бастысы шығарманы өз бетінше үйреніп орындауға дағдыланады.

Көркем	шығармамен	жұмыс	жасау	төмендегідей	кезеңдерге	бөлінеді:
1.			Шығармамен			танысу.
2.	Шығармада	кездесетін		әдіс-амалдарды		менгеру
3.	Шығарманың көркемдік мәнін ашудағы атқарылатын жалпы жұмыстың жобасын белгілеу					

Тағы бір ескеретін жол, есту, есте сақтау шығарманы әр тональдықта ойнау білуді қабілеттерін үнемі қадағалап, дамытып отыру баланың шығармашылық мүмкіндігін аша түседі. Баланы көпшілік алдына шығарып, өнер көрсетуге баулу жас музыканттың бойында «сахнада ойнауға жеткілікті түрде даярмын» деген сенімділікті қалыптастырады.

Балаға домбыра үйрету барысындағы педагогикалық жұмыстың басты мақсаты - оқушының қабілет дарын икемділігін үнемі қадағалай отырып, оның шығармашылық ой қабілетін жан-жақты жетілдіріп,саналы көзқарасын қалыптастыру.

Ақтобе облыстық әдістемелік
орталығының әдіскері:

М.Т.Мурзагулова

**Ақтөбе қалалық білім бөлімі
№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы
«Домбыра» бағдарламасының**

Түсініктеме хат

Берілген «Домбыра» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балалардың жоғарғы топтарына арналып жасалған.

Сағат саны- 72. Аптасына -2 сағат. Бір сабақтың уақыты -30 минут.

Мақсаты: ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық тәрбие жаңа талапқа сай жаңғыртып, өз халқымыздың өнерін, тілін ұмытпай қастерлеу.

Сана сезімді селт еткізер сенімді, ар ұятының аражігін айқындайтын айқындайтын игі дәстүрді сақтап, балаларды Отанды сүюге патриоттық сезімін дамытып, адалдыққа, адамдыққа, ізеттілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу.

Мазмұны: Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату.

Негізгі бағыттары:

1. Қазақ халқының негізгі музыкалық аспабы домбыра туралы түсінік беру. Оның шығуы құрылысы жөніндегі аңыздарға тоқталу.
2. Балалардың танымдық қабілетін арттыру.
3. Музыканы түсінуге баулап, ұлттық өнерді қастерлеуге және өнер адамдарына деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.
4. Баланың жалпы музыка танымын аспапты игеру тәсілдерімен тығыз байланыста қатар дамытып отыру.
5. Баланы орындаушы-музыкант ретінде қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Музыканы сүйетін өнегелі мінез-құлықты жас өнерпаз.
2. Аспапта ойнаудың негізін меңгерген, музыкалық шығарманы өз бетінше үйрену.
3. Домбырашылық дәстүрін насихаттап, шығарманы өз бетінше орындай алатын жас музыкант.



Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар	Сағат саны
1	Домбыра туралы түсінік	2
2	Домбыраның құрылысы	2
3	Домбыраны қалай ұстау керек. Домбырашының отырысы	2
4	Домбыра қағыстары	2
5	Музыкалық дыбыстар. Олардың қасиеттері, атауы.	2
6	Екі ішекте ойнау тәртібі	2
7	Екі ішекте гамманы ойнау тәртібі	2
8	Б.Ысқақов 1-ші жаттығу	2
9	Б.Ысқақов 2-ші жаттығу	2
10	Жаттығулар	2
11	С.Бүркітов 1-ші жаттығу	2
12	С.Бүркітов 2-ші жаттығу	2
13	Қазақтың халық әні «Бала уату»	4
14	Х.Тастанов «Этюд»	4
15	Қазақтың халық әні «Еркем-ай»	4
16	Орыс халық әні «В саду ли, в огороде»	4
17	А.Ержанов «Этюд»	4
18	Ә.Әзірбаев «Этюд»	4
19	Шертпе, төкпе күйлерімен таныстыру	3
20	И.Нүсіпбаев «Біз өмірдің гүліміз»	5
21	Қазақтың халық күйі «Құрбым ай»	4
22	Қазақтың халық күйі «Әлди-әлди»	4
23	Қазақтың халық күйі «Кеңес»	4
24	Қазақтың халық күйі «Келіншек»	4
Барлығы-72 сағат		

Теллен

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспар

Білім беру ұйымы балабақша: 39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Музыка жетекшісі: Дауева А.З

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Қыркүйек	Домбыра туралы түсінік	Балаларға музыкалық аспаптарының бірі домбыраның шығу тарихын, анызы туралы айту, әңгіме өткізу. Домбыра аспабын меңгерудегі игерген тәжірибелерімен техникалық шеберліктерін одан әрі дамыту, шындай түсу.	2
	Домбыраның құрылысы	Аспап туралы мәліметтер беру. Құрылысымен таныстыру. Аспаптың материалымен таныстыру.	2
	Домбыраны қалай ұстау керек. Домбырашының отырысы	Домбыраның дұрыс ұстауын үйрету. Құрылысымен материалын таныстыру.	2
	Домбыра қағыстары	Қағыс түрлері. Қос ішектегі тремоло, сол қол саусақтары арқылы бір қағыспен алатын лигалар шертпе қағыстары туралы түсінік беру. Сол қол мен оң қолды ұстау әдістерін үйрету.	2

Handwritten signature

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Қазан	Музыкалық дыбыстар. Олардың қасиеттері, атауы.	Дыбыстардың орналасуын, ретін, атауларын үйрету.	2
	Екі ішекте ойнау тәртібі	Қағыс түрлерін меңгерудің түрлерін одан әрі жалғастыру. Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек. Гамма. Сол қол саусақтарындағы ілме әдісі. Теріс (квинта) бұрау. Үлкен сағаларды одан әрі меңгеру.	2
	Екі ішекте гамманы ойнау тәртібі	Қағыс түрлерін үйренуді жалғастыру. Оң қол мен сол қолды ұстау әдістерін, бір және екі октавалық 3-4 гамма мен арпеджиолар меңгеру.	2
	Б.Ысқақов 1-ші жаттығу	Қағыс түрлерін меңгерудің одан әрі жалғастыру. Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек қағу. Техникалық шеберлігін дамыту.	2

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Қараша	Б.Ысқақов 2-ші жаттығу	Сұқ саусақпен бас бармақ немесе керісінше алма кезек қағу.	2
	Жаттығулар	Техникалық шеберлігін дамытуға кездесетін көркемдік ерекшеліктерді дұрыс орындауға көмек беретін жаттығу.	2
	С.Бүркітов 1-ші жаттығу	Домбыра аспабын меңгерудегі игерген техникалық шеберліктерін дамыту кездесетін штрихтарды дұрыс орындай білу.	2
	С.Бүркітов 2-ші жаттығу	Кездесетін көркемдік ерекшеліктерін дұрыс орындауға техникалық шеберлігін дамыту.	2

Handwritten signature

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Желтоқсан	Қазақтың халық әні «Бала уату»	Өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану, орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту. Сұқ саусақ және бас бармақпен орындау	4
	Х.Тастанов «Этюд»	Орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту. Көлемі шағын болғанымен орындалу кезінде қиындайды.	4

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Қаңтар	Қазақтың халық әні «Еркем-ай»	Тәрбиеленуші ойнау шеберлігін одан әрі қарай жетілдіру, білімін тереңдете түсу. Өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану.	4
	Орыс халық әні «В саду ли, в огороде»	Күрделі формадағы көлемі шағын шығарма арқылы орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді штрихтарды өз бетінше жұмыс білуге дағдылану.	4

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Ақпан	Ә.Әзірбаев «Этюд»	Этюд орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін шыңдау.	4
	А.Ержанов «Этюд»	Этюд орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін шыңдау. Домбыра аспабын меңгерудегі тәжірибесін тереңдету.	4

Т.Аллаев

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Наурыз	Шертпе ,төкпе күйлерімен таныстыру	домбыра ойнау шеберлігін одан әрі жетілдіру,білімін тереңдету. Сонымен қатар қағыс түрлерін меңгеруді жалғастыру.	3
	И.Нүсіпбаев «Біз өмірдің гүліміз»	Сол саусақтардағы әлме әдісін меңгеру. Қағыс түрлерін меңгеруді жалғастыру. Кездесетін қиын штрихтарды дұрыс орындау.	5

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Сәуір	Қазақтың халық күйі «Құрбым ай»	Күй орындалу кезеңінде техникалық шеберлігін шындау. Орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді,штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану.	4
	Қазақтың халық күйі «Әлди-әлди»	орындалудағы кездесетін көркемдік ерекшеліктерді,штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану.	4

Айы	Тақырыптар	Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері	Сағат саны
Мамыр	Қазақтың халық күйі «Кеңес»	Күй орындау шеберлігін одан әрі қарай дамыту,білімін тереңдету.	4
	Қазақтың халық күйі «Келіншек»	Күй орындауда кездесетін көркемдік ерекшеліктерді,штрихтарды өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдылану.	4

Т. Әліев

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

I. Негізгі әдебиеттер:

1. Л.Хамиди, Б.Ғизатов «Домбыра үйрену мектебі»

II. Қосымша әдебиеттер:

1. А.Жайымов, С.Бүркітбаев «Домбыра үйрену мектебі»
2. Қ. Меренбаев «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар»
3. Л.Хамиди «Балалар әндері»
4. Усенов Е. «Домбыраға арналған шығармалар»
5. А. Жубанов. «Ғасырлар пернесі» 1975 ж.
6. Б.Ғизатов. «Қазақша музыкалық терминологиялық сөздік» 1981ж.
7. «Әнші балапан» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған әндер мен өлеңдер жинағы. 2014ж.
8. М.Ержанов. «Домбыра үйрену әдістемесі».
9. Ж.Нәжімеденов. «Домбыра ойнау оңай ма?»